

Хаттама №2

Бракераждык комиссия отырысы.

Күні: 04.11.2025ж.

Катысқандар:5

Катыспағандар:0

Күн тәртібінде:

1. Азық-түлік сапасына , сақталу мерзіміне бақылау
2. Тамақтану барысында норманың сақталуы.
3. Қысқы маусымға сай тағамдар құрамын талдау.

Бірінші мәселе бойынша тыңдалды. Бракеражды комиссиясының мүшесі балабақша меңгерушісі Л.Б.Курманова 2025-2026 жылғы балаларды тамақтандыру барысында қатаң бақылау жасалуын талап етіп, бақылау жүретін уақытпен таныстырып өтті.

Кеңес төрайымы бақылауына

1. Азық-түлік нормасын тіркейтін журнал
2. Қоймашының тез бұзылатын тағамдарды тіркеу журналы
3. Дайын тағамның медбике бақылауымен жүргізілетін журнал

Тексеру барысында қолданыстағы талаптарға сай нысан анықталды. Тамақ өнімдерінің сапасы, оларды тасымалдау, жеткізу, түсіру шарттары белгіленген, талаптарға сәйкес келеді. Күнделікті мәзірдің перспективалы мәзірге сәйкес. Тамақтану арасындағы аралық және топтар бойынша тамақтану кестесі сақталған. Буфетте тамақпен байланысты емес тауарлар сатылмайды. Тоңазытқыш жабдықтарының термометрлерінің таңбалары бар, санитарлық талапқа сай. Тоңазытқышта тыйым салынған тағамдар мен өнімдер жок.

Екінші мәселе бойынша

Медбике Л.М.Аширова-тамақ нормасына анализ жасады және де мәзірдегі тамақ құрамына тоқталып өтті

Тамақтану барысында норма сақталатынын ескертті

- ☐ Балаларға арналған тағамдар жас ерекшелігіне сай мөлшерде беріледі
- ☐ Тағамдар тиісті температурада ұсынылады (ыстық тағам – +65°C, салқын тағам – +10°C)
- ☐ Тамақтану уақыты тұрақты, тәрбиешілердің бақылауымен өтеді
- ☐ Балаларға жеке ыдыс-аяқ ұсынылады, тазалығы сақталған.

Үшінші мәселе бойынша медбике Л.М.Аширова тоқталды. Тағам құрамының ерекшеліктері:

- **Ақуыз көздері** : ет, балық, жұмыртқа, сүт өнімдері – бұлшықет пен иммунитетті нығайтуға бағытталған

- **Көмірсулар** : ботқалар, нан, макарон өнімдері – энергия көзі ретінде

- **Майлар**: өсімдік майы, сары май – жылу алмасуды реттеуге көмектеседі

- **Дәрумендер мен минералдар**: көкөністер (сәбіз, қызылша, орамжапырақ), жемістер (алма, құрма, кептірілген өрік) – маусымдық тапшылықтың орнын толтыру үшін

Маусымдық тағамдар:

- Қысқы мезгілге сай жылы тағамдар басым: сорпа, ботқа, бұқтырылған тағамдар

- Кептірілген жемістер мен көкөністерді пайдалану – дәрумен жетіспеушілігінің алдын алу

- Сарымсақ, пияз – табиғи антисептик ретінде мәзірге енгізілген
Қысқы маусымға арналған тағамдар құрамы балалардың физиологиялық қажеттіліктеріне толық сәйкес келеді. Тағамдар әртүрлі, теңгерімді және маусымдық ерекшеліктерді ескере отырып дайындалған. Мәзір балалардың денсаулығын сақтау мен суық мезгілде аурудың алдын алуға бағытталған.

Шешімі:


1. Азық-түлік сапасына, сақталу мерзіміне бақылау қанағаттанарлық деп бағалансын.

2. Тамақтану нормасының сақталуы барлық талаптарға сай, тамақ өнімдерінің нормасын бақылау бракераж комиссиясының және медбике тарапынан өз жұмысын жалғастырсын.

4. Қысқы маусымға сай тағамдар құрамын талданып, медбике тарапынан ас мәзірін сақтау бойынша бақылау тұрақты жүргізілсін.

Комиссия төрайымы:

Комиссия мүшелері:

 Мухашева А.Б.
 Курманова Л.Б.
 Бекенова Г.Ж.
 Ершуакова А.Р.
 Аширова Л.М.